

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
«Балапан» ересек тобы 2021 жыл, қыркүйек айы

Білім беру саласы:	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-3,5 Музыка-1,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
Өтпелі тақырып	Өтпелі тақырып: I «Менің балабақшам» Мақсаты: Балаларда әлеуметтік дағдыларды, мектепке дейінгі ұйымға топқа, балалармен ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.				
Жасы	Ересек топ / 4-5 жас / I жарты жылдық				
Айы, жылы:	Қыркүйек айы				
Оқу мақсаты: Үлгілік оқу бағдарламасы	Денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы денешынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру болып табылады.	Ересектермен және балалармен еркін қарым - қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, орыс- тілін және басқа тілдерді үйрету, көркем әдебиетке қызығушылыққа баулу; балалардың шығармашылық белсенділігін және бастамашылдық танытуын дамыту болып табылады.	Коммуникативтік- танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.	Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру болып табылады.	Ересектермен және құрдастарымен қарым- қатынас жасауда, қоршаған ортамен таныстыру негізінде әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыру болып табылады.

<p>I апта</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: Тұрақты тепе-теңдікті сақтау, гимнастикалық орындықпен жүруде омыртқа жотасын дұрыс қалыптастыру. Екі адымдай ара қашықтықта қойылған текшелерден аттап, гимнастикалық орындықпен жүруге үйрету. Допты лақтыруда секіруге үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларды сапқа тұруға, жетекшіге бұрылуға үйрету. Қолына көкөніс салынған себетті ұстап, гимнастикалық орындықпен жүруге үйрету. Екі аяқпен құрсаудан құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Жол жүру ережелерімен танысу арқылы дене шынықтыру жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балабақшамызға барамыз» (өлең) А. Асылбек Мақсаты: Балабақша туралы өлеңді жатқа біледі. Дыбыстарды анық айтады.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: « Біздің балабақшада» Мақсаты: Балабақшадағы сыйластық туралы біледі. Балабақшадағы достары жайлы айтады.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Бір және көп». Үлкен кіші. Шеңбер Мақсаты: Үлкен кіші заттарды салыстырады. Пішіндер арасынан шеңберді таба алады. Ұқсас заттарды атайды.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Балабақша ғимараты» (ұжымдық) Мақсаты: Құрылыс материалдарын біледі, құрастырады. Ұжымдық жұмыс жасайды.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Жанды және жансыз табиғат» Мақсаты: Жанды және жансыз табиғатты біледі. жанды және жансыз табиғаттың айырмашылығын айтады.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Балабақшадағы түрлі түсті шарлар» Мақсаты: Дөңгелек және сопақша пішіндерден шардың суретін сала алады.</p> <p>Музыка (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	
---------------	---	--	---	---	--

II апта

Дене шынықтыру
Мақсаты: Балаларға допты лақтырып, қағып алуға үйрету. Екі аяқпен секіру қабілеттерін жетілдіру. Балаларды биіктікке секірумен, көлбеу қойылған баспалдақпен қадамды үйлестіре отырып өрмелеумен таныстыру. Қимылды ойын барысында ептілік пен шапшаңдылықтарын дамыту.
Дене шынықтыру
Мақсаты: Балаларды заттардың арасымен жүру мен жүгіруге, белгі бойынша шашырап жүгіруге жаттықтыру. Секіру кезінде жаттығулар орындау біліктерін бекіту. Доппен ойын өткізе білуді қалыптастыру
Дене шынықтыру
Мақсаты: Допты жоғары лақтыруға, қабырғаға лақтыруға және қағып алуға үйрету. Допты бір-біріне лақтыра білуге қалыптастыру.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Қуыршақ бізге қонаққа келді» (ойыншықты суреттеу арқылы әңгіме құрастыру)
Мақсаты: Үлгі бойынша ойыншықтарды сипаттап айтып береді. Өздерінің сүйікті ойыншықтарын әңгімелейді.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Ойыншықтар» (өлең)
Н. Әлімқұлов
Мақсаты: Өлең мәтінін түсініп, жатқа айтады. Ойыншықтарды күтіп ұстайды.

Орыс тілі
(орыс тілі пәні мұғалімінің жоспары бойынша)

Математика негіздері
Тақырыбы: Саны 3-ке 4-ке тең заттарды салыстыру. Оң жақта, сол жақта
Мақсаты: 4 көлеміндегі заттарды санайды. Екі топтағы заттарды теңестіреді. Қағаз бетіне бағдарлай алады.

Жаратылыстану
Тақырыбы: Шар неге ұшады? тәжірибе
Мақсаты: Шарды үрлеу арқылы тәжірибе жасай біледі.

Сурет салу
Тақырыбы: Үлкен кіші доптар
Мақсаты: Үлгі суретке қарап доптың суретін салады. Салған доптарын бояғышпен бояйды.

Мүсіндеу
Тақырыбы: Түрлі түсті пирамида
Мақсаты: Әртүрлі көлемдегі сақиналарды мүсіндеп, пирамида ойыншығын жасайды. Түстерді ажырата біледі.

Жапсыру
Тақырыбы: Досыма арналған шарлар
Мақсаты: Сопакша пішінді қиып, шарларды жапсырады.

Музыка
(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: Ойыншық түрлері
Мақсаты: Әртүрлі материалдан жасалған ойыншықтарды біледі. Қалай, неден жасалғанын айтады.

III апта

Дене шынықтыру
Мақсаты: Балаларды 1 мин тоқтамай жүгіруге үйрету. Секіруге және доппен ойын жаттығуларын орындай білуге жаттықтыру. Төзімділік терін, суыққа төзімділіктерін дамыту. Балаларды белсенді демалысқа әдеттеу.
Дене шынықтыру
Мақсаты: Қозғалыс тәжірибесін жинақтау және байыту: Жүру және жүгіру кезінде ара қашықтықты сақтауға; жаттығулардың барлық түрлерін белсенді түрде орындауға үйрету. Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту: жалпы шыдамдылық, жылдамдық, күш, үйлестіруін дамыту.
Дене шынықтыру
Мақсаты: Сапта тоқтамастан бір-бірлеп жүгіруге үйрету. Балаларға допты бір-біріне лақтыруға үйретуді жалғастыру, балалардың ерік қасиеттерін, секіруін дамыту.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: Қуыршақтың бөлмесі
Мақсаты: Үй жиһаздарын біледі. «Қуыршақтың бөлмесі» желілі рөлдік ойын ойнау арқылы жиһаз атауларын айтып, ойнайды.
Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Үш аю» орыс халық ертегісі
Мақсаты: Үш аю орыс халық ертегісін біледі. Ертегіні қайталап айтады.

Математика негіздері
Тақырыбы: Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті анықтау. Шаршы.
Мақсаты: 5 көлеміндегі сандарды санайды. Заттардың көлеміне қарай салыстырады. Шаршы пішінді біледі.
Құрастыру
Тақырыбы: Жиһаз
Мақсаты: Құрылыс материалдарынан жиһазды құрастырауды біледі. Өздері құрастырылған жиһаздармен ойын ойнайды.
Жаратылыстану
Тақырыбы: Жиһаз фабрикасына саяхат
Мақсаты: Жиһаздың жасалу жолдарын біледі. Қарапайым тәжірибелер жасайды

Сурет салу
Тақырыбы: Қонжыққа арналған орындық
Мақсаты: Тік сызықты қолданып, орындықты сала алады. Орындық жиһаз екенін біледі.
Музыка
(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)

<p>IV апта</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларды гимнастикалық орындықта бүйірімен қосымша қадам жасай жүруге үйрету. Допты кеудеден қос қолмен лақтыру арқылы бау немесе жіптен екі аяқпен секіруге жаттықтыру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Жалпы дамыту жаттығулары мен негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындай алады. Еденге тура қойылған жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүреді.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Сызықтар арасымен допты тура бағытта домалатып, допты қуып жетуді біледі. Допты еденге ұру және оны екі қолымен қағып алуды жасай алады.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Бау бақшада, бақтарда Мақсаты: Көкөніс пен жемістерді біледі. Көлемін, түсін, пішінін айтады. Дәмдерін ажыратады.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Суретші бол Мақсаты: Күз мезгілінің беретін сыйын біледі. Суретерді бояуда түстердің ерекшеліктерін ажыратады. Сергіту сәті сөздерін жатқа айтады.</p> <p>Орыс тілі (орыс тілі пәні мұғалімінің жоспары бойынша)</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: Тәулік бөліктері. Сол жақта, ортада, оң жақта Мақсаты: Тәулік бөліктерін біледі. Заттардың сол жақта, ортада, оң жақта орналастырады.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: Су туралы не білеміз? Мақсаты: Судың қасиетін, құрамын біледі. Су тіршілік иесі үшін мәні, қажеттілігін айтады. Суға тәжірибе жасайды.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Бауға толы алма Мақсаты: Алма ағашының суретін салады. Алмаға тән түстерді қолданады.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: Алма мен алмұрт Мақсаты: Алма мен алмұртты салыстырып, пішіндегі айырмашылықты айтады. Ермексазды созу, домалақтау тәсілін біледі.</p> <p>Жапсыру Тақырыбы: Піскен алмалар Мақсаты: Дәстүрден тыс жырту тәсілін біледі. Алмалар қайда өсетінін айтады. Жапсырмаларды тиянақты жапсырады.</p> <p>Музыка (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Күз сыйы Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажыратады. Жемістер бауда, көкөністер бақшада өсетінін айтады.</p>
-----------------------	--	---	---	---	--

<p>Күтілетін нәтиже: Үлгілік оқу бағдарламасы</p>	<p>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүреді, жүгіреді. Бір орында тұрып қос аяқпен секіреді. Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіреді. Бір бағытпен жүре отырып кедергіден (жіп) аттап өтеді.</p>	<p>Балабақшағ ойыншық туралы әңгімелеп береді. Өз ойларын жеткізе алады. Ертегілерді қайталап айтады, сахналайды</p>	<p>Үлкен кіші заттарды салыстырады. Шеңбер, шаршы пішіндерді біледі Құрылыс материалдарын қолданып, құрастырады Тәжірибелер жасайды</p>	<p>Дөңгелек, сопақша пішіндерді салады. Созу, домалқтау, шымшу тәсілдерін қолданады. Жырту тәсілін біледі</p>	<p>Жасалу жолдарын айтады. Дәмін, түсін ажыратады</p>
<p>Индикаторлар мен күтілетін нәтижелер</p>	<p>Денешынықтырудан берілген тапсырмаға түсінеді. орындайды. Заттардың арасымен жүгіруді, қос аяқпен секіруді меңгереді.</p>	<p>Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтайды; Заттарды ,суреттерді қарастыруда сұрақтарға жауап береді; ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытады.</p>	<p>Көп», «біреу», «бір-бірден», «бірде біреуі жоқ» түсініктерін біледі; Оң және сол қолдарын ажырата алады. Қарапайым құрылыстарды құрастырады судың, қасиеттерін біледі;</p>	<p>Түстерді таниды; Алақанға салып тік және дөңгелетіп есе біледі; Белгілі ретпен түрлі пішінді, көлемді түстегі бөліктерді орналастырып, дайын бейнені қағазға жапсыра біледі;</p>	<p>Заттардың сапасымен қасиеттерін: сипау, дәмін тату және есту арқылы таниды;</p>